

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

*«Баланың мектепке дейінгі ұйымға
бейімделуін қалай қамтамасыз ету
керек»*

Баланы балабақшаға бергенде ол үшін үлкен трагедия болады, өйткені оның бүкіл өмірі күрт өзгереді. Оған жаңа ортаға бейімделу үшін уақыт қажет болады. Балабақшаға бейімделу дегеніміз не? Бұл дағдылану, балаға беймәлім әрі әдеттен тыс жаңа ортаға бейімделуі. Балабақшаға бейімделу кезеңі қанша уақытқа созылады? Әр балада бейімделу әртүрлі жүреді. Осы кезеңінің ұзақтығына байланысты бейімделудің үш түрі болады: жеңіл бейімделу – 10-15 күн; орташа – шамамен бір ай; ауыр – 2-6 ай. Балабақшаға бейімделу қалай жүреді? Бала балабақшаға бара бастағанда айтарлықтай психикалық күйзелісті бастан кешіреді әрі беймазалық деңгейі жоғарылайды. "Баланың балабақшадағы әлеуметтік бейімделуіндегі қиындықтар: факторларды зерттеу" атты мақала авторларының түсіндіруінше, эмоциялық жағдай бұзылады, бұл ақылға қонымсыз мінез-құлық реакциялардың тууына әкеп соқтырады. Баланың көңіл-күйі бұзылады, ойнауға және сөйлесуге деген құштарлығы төмендейді немесе жоғалады, ұйқысы мен тәбеті нашарлайды. Оңай бейімделетін балаларда бұл көріністер болады, бірақ аз болады әрі ұзаққа созылмайды. Бір-екі аптадан кейін баланың жағдайы тұрақталып, ата-анасын жұмысқа жіберіп, өзі балабақшада жыламай қалатын болады.

